

Қостанай ауданындағы жер асты сулары Семилетка кен орнының № 1 және № 2 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 39 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 наурызда № 4514 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Қостанай ауданындағы жер асты сулары Семилетка кен орнының № 1^ә және № 2^ә ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су

ресурстары комитетінің Су ресурстарын
 пайдалануды реттеу және қорғау
 жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік
 инспекциясы" республикалық
 мемлекеттік мекемесінің басшысы
 _____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
 2014 жылғы 14 ақпандағы
 № 39 қаулысына қосымша

**Қостанай ауданындағы жер асты сулары Семилетка кең орнының № 1^ә және № 2^ә
 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау
 аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 1 ^ә және № 2 ^ә ұңғымалары	Ұзындығы – 100 метр Ені – 50 метр	0,5 гектар	Ұзындығы – 226,6 метр Барынша ені – 48,6 метр	1,1 гектар	Радиусі – 371 метр	43,6 гектар

Ескерту: "Қостанай облысының Қостанай ауданында орналасқан жер асты сулары Семилетка кең орнының № 1^ә және № 2^ә ұңғымалары учаскесінің санитарлық қорғау аймақтары белдеулерімөлшерлерінің негіздемесі" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші - "KEGOC" акционерлік қоғамының "Сарыбай жүйеаралық электр тораптары" филиалы).